

Екінші сәуір 2024 жылдың С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Агрономия факультетінің «Биология, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының ұстазы, Еңбек ардагері Сүлейменова Зейнекүл Шағиқызының мерейлі 70 жасқа толуына орай құттықтау рәсімі өтті.

Сүлейменова Зейнекүл Шағиқызы еңбек жолының 45 жылын еліміздің өсімдіктерді қорғау және карантин қызметіне арнады. Зейнекүл Шағиқызы кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп, білім мен тәжірибесін студенттер мен жас мамандарға бере отырып жоғары білікті маман дайындауға жауапкершілікпен, сенімділікпен, ұқыптылықпен ат салысты. Зейнекүл Шағиқызы еліміздің фитосанитарлық қызметті ұйымдастыру, әдістемелік базаны қалыптастыру, кадрлық мамандарды тарту және оларды оқыту, біліктіліктерін көтеру бойынша көптеген жұмыстар атқарған, өте еңбекқор, бастамашыл, күрделі мәселелердің шешімін таба білетін қасиетімен ерекшеленген тұлға. I, II және III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісін 3 мәрте иеленген иегер.

Басқарма Төрағасы-Ректор ҚР ҰҒА академигі Қанат Маратұлы Тіреуов мерейтой иесіне арнап құттықтау сөз сөйледі және ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін «Құрмет грамотасы» және Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына арнап жасалынған С. Сейфуллин атындағы арнайы медальды табыстады. Сонымен қатар мерейтой иесін құттықтауға арнайы келген құрметті қонақтардың бірі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Басқарма басшысы Жанабаев Мұхтар Даулетбекұлы министрлік атынан Зейнекүл Шағиқызына арнайы тілегін айтып «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады.

«Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты» ЖШС-ң Басқарма Төрағасы Дүйсембеков Бахытжан Әлішерұлы, ҚР АШМ «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия» ММ-ң төрағасы Ажғалиев Талғат Болатұлы, «Бірінші агрохимиялық компаниясы» ЖШС-ң Маркетинг қолдау менеджері-Айтқұлов Арман Қадырбекұлы, ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық өсімдіктер карантинінің орталығы» ММ-ң жетекшісінің орынбасары Калиев Бауыржан Рамазанұлы, ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» жетекшісі м.а. Талғат Әмірұлы Жанбаев, ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Фитосанитария» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бас директоры Елтай Хамиджанұлы мерейтойға құрметті қонақ бола келіп, «Құрмет грамотасы», мерейтойға арналған марапаттау қағаздары мен сый-сияпаттарын табыстады.

Құрметті Зейнекүл Шағиқызы, Сіздің кәсіби және жеке адами қасиеттеріңізді, үлкен еңбекқорлығыңызды бағалайтын әріптестеріңіз, шәкірттеріңіз Сізге шын жүректен денсаулық, отбасыңызға амандық, бақыт,

табыстар тілейміз! Бүгінгі мерейтойыңызда үлкен кәсіби тәжірибеңіз, біліміңіз, асқан зерделілігіңіз, адамдық жылулығыңыз бен рухани сүйкімділігіңіз үшін Сізге зор құрмет пен алғыс білдіреміз!



